

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» ММ  
ШЖҚ «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘНШҮК МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК**

**ХАТТАМА № 1  
Байқау кеңесінің отырысы**

**Мекен-жайы:** Ақтөбе қаласы, Шернияз Жарылғас-ұлы к-сі 18.

Тел:(7132) 400-498

**Отырысты өткізу нысаны:** күндізгі

**Отырыстың өткізілген күні:** 11.10.2024ж., сағат 15:00

**Кворум жөнінде мағлұмат:** (бар/жоқ).

**Отырысқа қатысқан Байқау кеңесі мүшелерінің жеке құрамы:**

1. Сулейменова Акзер Беккуловна – Ана мен бала денсаулығын қорғау және вакциналармен қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы
2. Данияров Самат Багдатович-ШЖҚ «Отбасылық медицина орталығы» МКК бас дәрігері
3. Көптілеуов Жексенбі Аққабіұлы – ШЖҚ" Ақтөбе медициналық орталығы " МКК кәсіподақ комитетінің төрағасы
4. Мүстеменов Талғат Тұртайұлы -Ақтөбе Жоғары көпсалалы «Болашақ» колледжі директоры
5. Амантурлиев Бауыржан Султанович - Жеке кәсіпкер

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Байқау кеңесінің жаңа мүшелерімен таныстыру, төрағасын және хатшысын қайта сайлау.
2. 2024-2025 оқу жылдарына арналған байқау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
3. ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекітуге ұсыну.
- 4.2024-2025 сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жоспарын бекіту.  
Кәсіпорынның іскерлік этика кодексі бекіту.  
Кәсіпорынның Ар-намыс кодексі бекіту.  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- қызметінің құрамын қайта қарау.
5. Колледждің ішкі корпоративтік құжаттарын қайта бекіту.

Байқау кеңесі күн тәртібін қарап, **ШЕШТІ:** Өзгеріссіз қалдыруға.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша колледж директоры С.Капанов сөз алды:** Байқау кеңесін қалыптастыру бойынша Ақтөбе облысының денсаулық басқармасының 2024 жылғы 09 қазан бұйрығына сәйкес конкурстық іріктеу нәтижесінде Байқау кеңесінің құрамы қайта бекітілді. Келесідей құрамда байқау кеңесіне Сулейменова Акзер Беккуловна -Ана мен бала денсаулығын қорғау және вакциналармен қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы, Данияров Самат Багдатович ШЖҚ «Отбасылық медицина орталығы» МКК бас дәрігері. Көптілеуов Жексенбі Аққабіұлы ШЖҚ" Ақтөбе медициналық орталығы " МКК кәсіподақ комитетінің төрағасы, Мүстеменов Талғат Тұртайұлы -Ақтөбе Жоғары көпсалалы «Болашақ» колледжі директоры, Жеке кәсіпкер Амантурлиев Бауыржан Султанович колледж ұжымымен таныстырылды. Кеңес мүшелері Байқау кеңесінің төрағасы етіп ШЖҚ «Отбасылық медицина орталығы» МКК бас дәрігері Данияров Самат Багдатовичті сайлады. Данияров Самат Багдатович Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», жоғары экономикалық білімі бар білікті маман екендігіде айтылды. Байқау кеңесі хатшысына колледж оқытушысы Абдуллина Луиза Едиловнаны қайта ұсынылып сайланды.

**Дауыс беруде қойылған мәселе:** «Оң» дауыс беру - байқау кеңесі төрағасын сайлау және хатшысының өкілеттілік мерзімін 3 жылға сайлау

**Дауыс беру қорытындысы:**

«Оң» - 5.

«Қарсы» - жоқ,

«Қалыс қалған» - жоқ.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:** 2024-2025 оқу жылдарына арналған байқау кеңесінің жұмыс жоспарында кеңес отырыстары қыркүйек, қараша, ақпан, сәуір, маусым айларына жоспарланған. Жоспарда колледждің даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын мақұлдау, колледждің қаржылық есебін алдын ала бекіту, сыртқы аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды мақұлдайды, қаржылық есебінің аудиті үшін аудиторлық ұйымның көрсеткен қызметіне төлем жасау мәшерін анықтау. Колледж қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды тұжырымдау қарастыру жоспарланған. Жоспарда оқу, тәрбие, ғылыми, экономикалық және шаруашылық қызметінің көптеген түрлері мен нысандары туралы айтылып бекітуге ұсынылды.

**Дауыс беруде қойылған мәселе:** 2024-2025 оқу жылдарына арналған байқау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

**Дауыс беру қорытындысы:**

«Оң» - 5.

«Қарсы» - жоқ,

«Қалыс қалған» - жоқ.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекітуге ұсыну:** 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында колледж өзін Қазақстанда және халықаралық білім беру кеңістігінде танылған білім алушылардың, педагогтардың, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделері үшін жұмыс істейтін инновациялық үлгідегі қарқынды дамып келе жатқан білім беру мекемесі ретінде көрсетеді. Осыған байланысты әрбір білім беру ұйымы өз қызметін облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласының өзгеріп отыратын жағдайларына, білім беру қызметтері нарығының және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес, мынадай міндеттерді шешу жолымен қызметті дамыту және жетілдіру жолымен жоғары білікті кадрларды даярлау жөнінде жағдайлар жасауға, құруға тиіс. Колледждің миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін, саясаты мен стратегиясын іске асыруға дайындау мейірбике ісін дамытудың қазіргі жағдайында бакалавр, магистр және PhD докторы оқытушыларының академиялық дәрежелерінің үлесін ұлғайту. Болон процесіне сәйкес бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау арқылы практикалық денсаулық сақтау саласының талаптарын қанағаттандыру. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту болып табылады.

**Дауыс беруде қойылған мәселе:** ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекітуге ұсыну.

**Дауыс беру қорытындысы:**

«Оң» - 5.

«Қарсы» - жоқ,

«Қалыс қалған» - жоқ.

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша:** Колледж комплаенс қызметінің комплаенс офицері Шарипов Алшынбай Муфтуллоевичтің қызметтік жазбасы негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы колледж комплаенс-қызметі құрамына өзгерістер енуіне байланысты Саматов Дәуренбек Саматович пен Елеуова Болған Азбергеновнаның орнына Өсербай Әсет және Жаңаберген Дінмұхамедті құрамға қосу туралы айтылды.

**Бекітілді:**

Кәсіпорынның іскерлік этика кодексі.

Кәсіпорынның Ар-намыс кодексі.

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша:** Колледждің ішкі корпоративтік құжаттарын қайта бекіту.

**Бекітілді:**

1. Байқау кеңесі туралы ереже
2. Байқау кеңесінің хатшысы туралы ереже
3. Кәсіпорынның кадрлық саясаты
4. Ақпараттық саясат туралы ереже (Положение об информационной политике)
5. Ақылы қызметтер көрсету және ақылы және өзге де қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі туралы ереже. (Положение об оказании платных услуг и порядке использования средств от оказания платных и иных услуг)
6. Ынталандырушы үстеме ақылар (қосымша ақылар) мен көтермелеу төлемдерін (сыйақылар) белгілеу тәртібі туралы ереже. (Положение о порядке установления стимулирующих надбавок (доплат) и поощрительных выплат (премий))
7. Коммерциялық және қызметтік құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық
8. Интернет-ресурсты ақпараттық толтыру қағидалары
9. Ішкі нормативтік құжаттар жіктеуіші (Классификатор внутренних нормативных документов)
10. Адами ресурстарды басқару бағдарламасы (Программа управления человеческими ресурсами)
11. Колледждің құрылымдық бөлімшелері туралы ереже. (Положение о структурном подразделении)
12. Атқарушы орган (бірінші басшы және оның орынбасарлары) туралы ереже

**Дауыс беруде қойылған мәселе:** Колледждің ішкі корпоративтік құжаттарын қайта бекіту.

**Дауыс беру қорытындысы:**

«Оң» - 5.

«Қарсы» - жоқ,

«Қалыс қалған» - жоқ.

**Сонымен қатар әр түрлі сұрақтар талқыланып кеңес мүшелері өз ойларын ортаға салды.**

**Сөз алғандар:** Даныяров Самат Багдатович байқау кеңесі төрағасы ретінде өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға, колледждің одан әрі дамуына үлесін қосатындығы туралы айтып өтті. Мүстекенов Талғат Тұртайұлы 2024-2029 жылдарға арналған колледж стратегиялық жоспарын жүзеге асыру мақсатында жұмыс берушінің қажеттілігін ескере отырып, жаңа білім беру бағдарламаларын кеңінен дамыту туралы сөз қозғаса, Көптілеуов Жексенбі Аққабиұлы кадрларды қайта даярлау және біліктілігін одан әрі арттыру керектігі туралы айтып өз ұсыныстарын білдірді.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Байқау кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК Байқау кеңесі төрағалығына Даныяров Самат Багдатович, Байқау кеңесі хатшысына колледж оқытушысы Абдуллина Луиза Едиловна сайлансын.
2. 2024-2025 оқу жылдарына арналған байқау кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітуге ұсынылсын.
4. 2024-2025 сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жоспары бекітілсін.
5. Кәсіпорынның іскерлік этика кодексі бекітілсін.  
Кәсіпорынның Ар-намыс кодексі бекітілсін.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы колледж комплаенс-қызметі құрамына Ә.Өсербай, Д.Жаңаберген құрамға қосылсын және негізгі қызметінің еңбек жалақысына қосымша 20 000 теңге төлем тағайындалсын.

7. Колледждің ішкі корпоративтік құжаттарын қайта бекіту.

1. Байқау кеңесі туралы ереже

2. Байқау кеңесінің хатшысы туралы ереже бекітілсін.

3. Кәсіпорынның кадрлық саясаты бекітілсін.

4. Ақпараттық саясат туралы ереже бекітілсін.

5. Ақылы қызметтер көрсету және ақылы және өзге де қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі туралы ереже бекітілсін.

6. Ғынталандырушы үстеме ақылар (қосымша ақылар) мен көтермелеу төлемдерін (сыйақылар) белгілеу тәртібі туралы ереже бекітілсін.

7. Коммерциялық және қызметтік құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

8. Интернет-ресурсты ақпараттық толтыру қағидалары бекітілсін.

9. Ішкі нормативтік құжаттар жіктеуіші бекітілсін.

10. Адами ресурстарды басқару бағдарламасы бекітілсін.

11. Колледждің құрылымдық бөлімшелері туралы ереже бекітілсін.

12. Атқарушы орган (бірінші басшы және оның орынбасарлары) туралы ереже бекітілсін.

Хаттама 2024 жылдың 11 қазан айында жасалды.



